

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2019 жылғы

31 желтоқсандағы №445 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің

2020-2024 жылдарға арналған

(бұдан әрі – Министрлік, ҚР ЭМ)

даму жоспарын іске асыру туралы есеп

есеп беру кезеңі: 2021 жыл

1. Мақсаттарға және нысаналы индикаторларға қол жеткізу

Нысаналы индикатордың атауы	Ақпарат көздері	Өлшем бірлігі	Есептік кезең		Ескертпе (орындалуы/ орындалмауы туралы ақпарат)
			Жоспар	Нақты	
1	2	3	4	5	6
Стратегиялық бағыт. Отын-энергетика кешені салаларын дамыту					
Саланың дамуын сипаттайтын макроиндикаторлар:					
Электр энергиясын өндіру көлемі	«КЕГОК» АҚ деректері	млрд. кВтс.	109,0	114,45	орындалды
Уран өндіру көлемі	«Қазатомөнеркәсіп» АҚ деректері	тонна	22 575	21834	орындалмаған
Жаңартылатын энергия көздерімен өндірілетін электр энергиясының көлемі	ведомств. деректер	млрд. кВтс	3,5	4,2	орындалды
Мұнай өндіру көлемі	ведомств. деректер	млн. тонн	85,3	85,88	орындалды
Газ өндіру көлемі	ведомств. деректер	млрд. текше.м.	54,4	53,8	орындалмаған
Мұнай-газ-химия өнімін өндіру көлемі (битум көлемін қоспағанда)	ведомств. деректер	мың тонн	140	190	орындалды
1.1.-мақсат. Ел экономикасының жылу және электр энергиясына деген өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз ету, жаңартылатын энергия көздерін және атом энергетикасын дамыту үшін жағдайлар жасау					
Өңірлердің үздіксіз электрмен жабдықтауға деген қажеттіліктерінің қамтамасыз етілуі (ЖАО өтінімдеріне сәйкес*)	«КЕГОК» АҚ деректері	%	100	100	орындалды
ЖАО өтінімдеріне сәйкес тұрғындарды орталық жылумен жабдықтаумен қамтамасыз ету	ведомств. деректер	мың м ²	98,8	98,8	орындалды
Атом ғылымы мен техникасы саласындағы ғылыми өнімділік	ведомств. деректер	2020 жылғы	1,8	1,8	орындалды

деңгейі		деңгейден бір рет саны			
Тексерілген радиациялық ластанған аумақтар деңгейі	ведомств. деректер	%	100	100	орындалды
1.2-мақсат. Ел экономикасының мұнай өнімдеріне, газға деген өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз ету және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда жергілікті қамтуды дамыту					
Тұрғындарды газдандыру деңгейі	ведомств. деректер	%	55,02	57,67	орындалды
Жер қойнауын пайдаланумен байланысты операцияларын өткізгенде жергілікті қамту үлесі:	ведомств. деректер	%			
- мұнай бойынша:					
тауар бойынша			19	20,8	орындалды
жұмыс, көрсетілетін қызмет бойынша			51	66,7	орындалды
- уран бойынша:					
тауар бойынша			30	52,7	орындалды
жұмыс, көрсетілетін қызмет бойынша			87	89,7	орындалды

2. Қаржы қаражатының игерілуі

Қаржыландыру көздері	Жоспар, миллион теңге	Нақты, миллион теңге	Игерілмеуінің себептері
1	2	3	4
Республикалық бюджет	31085,078	31084,87	
Ұлттық қор	58416,641	58416,64	
Барлығы	89501,719	89501,510	Үнемдеу және ықшамдау есебінен қалдық 0,2 млн.теңге

3. Талдамалық жазба

«Отын-энергетика кешені салаларын дамыту» стратегиялық бағыты

«Электр энергиясын өндіру көлемі» НИ

2021 жылдың қорытындысына сәйкес электр энергиясын өндіру көлемі жоспар бойынша 109,0 млрд. кВтсағ болғанда, 114,45 млрд. кВтсағ құрады.

2021 жылы генерацияның ұлғаюы, тұтастай алғанда, елде электр энергиясын тұтынудың өсуімен байланысты, сондай-ақ Екібастұз ГРЭС-1 электр энергиясын Өзбекстанға (637,745 млн.кВтс) және Қырғызстанға (686,825 млн. кВтс) тауар алмасу шеңберінде экспорттық жеткізумен байланысты.

«Уран өндіру көлемі» НИ

2021 жылдың қорытындысына сәйкес уран өндіру көлемі жоспар бойынша 22 575 тонна болғанда, 21 834 тоннаны құрады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның ақпаратына сәйкес уран өндіру көлемі бойынша жоспарлы көрсеткіштердің орындалмауы объективті себептерге байланысты. Мәселен, пандемия бүкіл өндірістік жеткізілім тізбегіне әсер етті, нәтижесінде негізгі материалдар мен жабдықтар (реагенттер, құбырлар мен сорғылардың белгілі бір түрлері, мамандандырылған жабдықтар, бұрғылау қондырғылары) жетіспеді және 2021 жылы кен орындарын игеру мен өндіріс графиктеріне әсер етті. Бұл ретте 2021 жылдың қорытындысына сәйкес уран бағасы 42\$/фунтты құрады, бұл 2020 жылдың ұқсас кезеңінен 39% (2020 жылы 30,2 \$/фунт) жоғары.

«Жаңартылатын энергия көздерімен өндірілетін электр энергиясының көлемі» НИ

2021 жылдың қорытындысына сәйкес жаңартылған энергия көздері объектілері өндірген электр энергиясы көлемі жоспар бойынша 3,5 млрд. кВтсағ. болғанда, 4,2 млрд. кВтсағ құрады немесе электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінің 3,67%-ы, бұл көрсеткіш 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 30% - ды құрайды.

2021 жылы жиынтық қуаты 392 МВт 19 ЖЭК жобасы іске асырылды, оның ішінде 12 ЖЭС – 197 МВт, 5 КЭС – 145 МВт, 2 ГЭС – 50 МВт. Инвестиция сомасы шамамен 400 млн. АҚШ долларын құрады.

2021 жылдың қорытындысы бойынша белгіленген жиынтық қуаты 2010 МВт болатын 134 ЖЭК объектісі жұмыс істейді (ЖЭС – 684 МВт, КЭС – 1038 МВт, ГЭС – 280 МВт, БиоЭС – 8 МВт).

ЖЭК секторын одан әрі дамыту парниктік газдар шығарындыларын азайтуға, жаңа жұмыс орындарын құруға, «жасыл» инвестициялар тартуға және экологиялық таза электр энергиясын қосымша өндіруге әкеледі.

«Мұнай өндіру көлемі (млн. тонна)» НИ

2021 жылдың қорытындысына сәйкес жоспар бойынша 85,3 млн. тонна болғанда, мұнай және конденсат өндіру көлемі 85,88 млн. тоннаны құрады.

Мұнай өндірудің негізгі үлесі үш ірі жоба есебінен қамтамасыз етілді: ТШО – 26,553 млн.тонна, КПО – 11,487 млн. тонна, НКОК – 16,236 млн. тоннаны (басқалары - 31,603 млн. тонна) құрады.

Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау әдістемесінің 28-тармағына сәйкес Үкімет тапсырмалары шеңберінде индикатордың жоспарлы мәндерін төмендеу жағына түзетуге жол беріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мұнай өндіруді 2021 жылға шектеу жөніндегі 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №911қбпү қаулысының қабылдануына байланысты нысаналы индикатордың жоспарлы көрсеткіші түзетілді және 86,0 млн.тоннадан 85,3 млн. тоннаға дейін төмендетілді. Бұл ретте, нақты орындалудың 0,23 млн тоннаға оң динамикасы сақталды (2020 жылы – 85,65 млн.тонна).

«Газ өндіру көлемі» НИ

2021 жылдың қорытындысы бойынша газ өндіру көлемі жоспар бойынша 54,4 млрд.м³ болғанда, 53,8 млрд. м³ құрады.

Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау әдістемесінің 28-тармағына сәйкес Үкімет тапсырмалары шеңберінде индикатордың жоспарлы мәндерін төмендеу жағына түзетуге жол беріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мұнай өндіруді 2021 жылға шектеу жөніндегі 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №911қбпү қаулысының қабылдануына байланысты, ал газ ілеспе болып табылатындықтан және мұнай өндіру көлеміне байланысты нысаналы индикатор көрсеткіші түзетіліп, 55,8 млрд. м³-ден 54,4 млрд. м³-ге дейін төмендетілді.

Теңіз кен орнында (КТЛ-2 У700 технологиялық жабдығын, КТЛ-1-де GC-201.1 компрессорын жөндеу), Қашаған кен орнында жұмыстарының (теңіз және жерүсті кешендеріндегі жөндеу жұмыстары, электр энергиясының кернеуін мерзімді отырғызу,) «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-да (шикі газ компрессорларының жөндеу жұмыстары) жоспардан тыс жөндеу және Орынбор газ өңдеу зауытының шикі қарашығанақ газын қабылдаудағы жалғасып жатқан шектеулерінің және «Тарбағатай Мұнай» ЖШС-ның Қытайға газ экспортын тоқтатуының нәтижесінде 2021 жылы шикі газ өндірудің төмендеуі орын алды.

«Мұнай-газ-химия өнімін өндіру көлемі (битум көлемін қоспағанда)»

НИ

Мұнай-газ-химия өнімдері өндірісінің көлемі (битум көлемдерін қоспағанда) 2021 жылдың қорытындысы бойынша жылына 140 мың тонна жоспар кезінде жылына 190 мың тоннаны құрады, оның ішінде ішкі нарыққа жеткізу 89,1 мың тоннаны, экспорт 100,9 мың тоннаны құрады.

Атырау мұнай өңдеу зауытының (бұдан әрі – «АМӨЗ» ЖШС) бензол мен параксилол өндірісін тоқтатуына байланысты (2021 жылғы қаңтарда электр энергиясын жеткізуде іркіліс орын алды және зауыттың технологиялық қондырғыларының авариялық тоқтауына алып келді), ал мұнай-газ-химия өнімінің жоспарланған көлемінің 60% - дан астамы «АМӨЗ» ЖШС-ға тиесілі болғандықтан, 2021 жылғы 4 маусымдағы Nur Otan партиясының «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі штабтың отырысында ҚР Премьер-Министрі А.Мамин мұнай-газ-

химия өнімдерін өндіру көлемін қайта бөлу жоспар-графикін бекітуді тапсырды.

Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау әдістемесінің 28-тармағына сәйкес Үкімет тапсырмалары шеңберінде индикатордың жоспарлы мәндерін төмендеу жағына түзетуге жол беріледі.

Қайта бөлу графикіне сәйкес мұнай-газ-химия өнімдері өндірісінің көлемі (битум көлемдерін қоспағанда) түзетілді және 400 мың тоннадан 140 мың тоннаға дейін төмендетілді, бұл өткен жылғы фактімен салыстырғанда фактінің оң серпініне әсер етті (2020 жылы-359 мың тонна).

Алайда, 2021 жылдың екінші жартыжылдығында жұмыс істеп тұрған 4 зауыттың қуаттарын кезең-кезеңімен арттыруға байланысты мұнай-газ-химия өнімдері өндірісінің өсуі орын алды.

Сондай-ақ 2021 жылғы 28 шілдеде Шымкент қаласында метил-трет-бутил эфирін өндіру зауыты («Шымкент химиялық компаниясы» ЖШС) пайдалануға берілді. Бұл зауыттың көлемі бұрын 2021 жылға арналған жоспарлы көрсеткіштерде ескерілмеген.

Анықтама:

«АМӨЗ» ЖШС (Атырау қ.) – 6,2 мың тонна бензол, 46,4 мың тонна параксилол;

«Нетфхим LTD компаниясы» ЖШС (Павлодар қ.) - 17,8 мың тонна МТБЭ, 48,3 мың тонна полипропилен;

«Hill corporation» ЖШС (Шымкент қ.) - 31,2 мың тонна майлау материалдары;

«Лукойл Лубрикантс Орталық Азия» ЖШС (Алматы обл.) – 29,9 мың тонна майлау материалдары.

«Шымкент химиялық компаниясы» ЖШС (Шымкент қ.) – 10,3 мың тонна МТБЭ.

2021 жылдың екінші жартыжылдығында мұнай-газ-химия өнімдері өндірісінің өсуіне байланысты Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне осы көрсеткішті ұлғайту жағына түзету жөніндегі бұйрықтың жобасын келісуге жіберді, алайда осы индикатор бойынша түзету келісілмеді.

1.1.-мақсат. Ел экономикасының жылу және электр энергиясына деген өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз ету, жаңартылатын энергия көздерін және атом энергетикасын дамыту үшін жағдайлар жасау

«Өңірлердің үздіксіз электрмен жабдықтауға деген қажеттіліктерінің қамтамасыз етілуі (ЖАО өтінімдеріне сәйкес*)» НИ

Өңірлердің үздіксіз электрмен жабдықтаудағы қажеттіліктерінің қамтамасыз етілуі (ЖАО өтінімдеріне сәйкес*) 2021 жылдың қорытындысына сәйкес жоспар бойынша 100% болғанда 100%-ды құрады.

ЖАО өтінімдеріне сәйкес 2021 жылы 041 «Жылу-электр энергетикасын дамыту» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 28 957 463,4 мың теңге сомасына 14 жоба іске асырылды.

Анықтама:

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі-4 жоба;

Алматы қаласының әкімдігі - 2 жоба;
 Маңғыстау облысының әкімдігі-1 жоба;
 Түркістан облысының әкімдігі-2 жоба;
 БҚО әкімдігі-2 жоба;
 Шымкент қ. әкімдігі-1 жоба;
 Қостанай облысының әкімдігі-2 жоба.

2021 жылдың қорытындысы бойынша 14 жоба іске асырылды, оның ішінде 2 объекті пайдалануға берілді.

«ЖАО өтінімдеріне сәйкес тұрғындарды орталық жылумен жабдықтаумен қамтамасыз ету» НИ

ЖАО өтінімдеріне сәйкес халықты орталық жылумен қамтамасыз ету 2021 жылдың қорытындысына сәйкес жоспар бойынша 98,8 мың м² болғанда 98,8 мың м² құрады.

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі бойынша «Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Зачаганск кентіндегі «Водострой» АТП қазандығын реконструкциялау» жобасын іске асыруға 37 940,0 мың теңге сомасында қаражат бөлінді. Игеру 37 940,0 мың теңгені немесе 100%-ды құрады.

Объект 2021 жылы пайдалануға берілді.

«Атом ғылымы мен техникасы саласындағы ғылыми өнімділік деңгейі» НИ

2021 жылы НИ-ға қол жеткізу (атом ғылымы мен техникасы саласында пайдалануға дайын 27 ғылыми әзірleme) 2020 жылғы деңгейге қатысты 1,8 есе (атом ғылымы мен техникасы саласында пайдалануға дайын 15 ғылыми әзірleme) немесе 100% орындалды.

НИ-ді іске асыру үшін 4 ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілді, олар «Атом энергетикасы саласындағы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» бюджеттік кіші бағдарламасы шеңберінде орындалады.

Сонымен қатар, патентке 1 өтінім берілді, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда және шетелдік рейтингтік ғылыми басылымдарда 40 мақала жарияланды.

2021 жылы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру ғалымдар мен мамандардың ғылыми-техникалық бағдарламаларға қатысуын ұлғайтуға, осы бағдарламаларда зерттеулер жүргізу үшін материалдық-техникалық базаны жақсартуға мүмкіндік берді. Ғылыми-техникалық жұмыстарды орындау кезінде 769 адам жұмыспен қамтылды, бюджетке салық сомасы 89 641,8 мың теңгені құрады, 87 бірлік көлемінде заманауи ғылыми жабдықтар сатып алынды.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелері атом саласында, медицинада және өнеркәсіпте ядролық ғылымды, ядролық және радиациялық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтуге, сондай-ақ атом саласының ғылыми-

технологиялық базасы мен зияткерлік әлеуетін жоғары деңгейде ұстап тұруға ықпал етеді.

«Тексерілген радиациялық ластанған аумақтар деңгейі» НИ

Тексерілген радиациялық-ластанған аумақтардың деңгейі 2021 жылдың қорытындысына сәйкес жоспар бойынша 100% болғанда 100%-ды құрады.

2021 жылы тексеру алаңы 18 311,4 шаршы км (11,2%) жалпы тексеру алаңынан 2058,5 шаршы км (2020 жылдың қорытындысы бойынша тексеру алаңы 16 252,9 шаршы км (88,8%) құрады) құрады.

2021 жылы ССП аумағының шығыс бөлігін тексеру аяқталды, ССП аумағының қазіргі радиоактивті ластануын бағалау және ядролық қару сынақтарының салдарын жою жөніндегі одан арғы шараларды әзірлеу мақсатында экологиялық тексерудің қорытынды кезеңі өткізілді.

2008 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде ССП-дағы ағымдағы радиациялық жағдайға қатысты ақпараттың үлкен көлемі алынды. Тексеру ССП аумағындағы радиоактивті ластану жергілікті сипатқа ие және полигонның бүкіл аумағын сипаттамайтынын көрсетті. Негізгі радиоактивті ластану сынақтар жүргізілген сынақ алаңдары («Тәжірибе алаңы», «Дегелен», «Балапан», «Сары Өзен», «Ақтан-Берли», «4», «4А» және «Телкем») және әуедегі ядролық сынақтардан радиоактивті түсудің екі ізі шегінде болады.

ССП аумағын кешенді экологиялық тексеру нәтижелері негізінде халық үшін радиациялық қауіп төндірмейтін аумақтар айқындалды, оларды кейіннен шаруашылық айналымға беруге ұсынылуы мүмкін. Кешенді экологиялық тексеру жүргізу нәтижесінде ССП аумағындағы ағымдағы радиациялық жағдай туралы егжей-тегжейлі ақпарат алынды, халық үшін радиациялық қауіп төндіретін радиоактивті ластанудың барлық маңызды учаскелері анықталды, қоршаған ортаның барлық компоненттерінің радиоактивті ластану деңгейіне және халықтың сәулелену дозасына объективті баға берілді. Алынған деректер жерді пайдалану мәселелері бойынша басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді, «радиофобия» мен қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті төмендетуге ықпал етеді.

Осы іс-шара бойынша жұмыстарды орындау кезінде 190 адам жұмыспен қамтылды, бюджетке салық сомасы 48 248,77 мың теңгені құрады.

1.2-мақсат. Ел экономикасының мұнай өнімдеріне, газға өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз ету және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда жергілікті қамтуды дамыту

«Тұрғындарды газдандыру деңгейі» НИ

2021 жылдың қорытындысына сәйкес жоспар бойынша 55,02% болғанда 57,67%-ды (11 млн. адам) құрады,

Жалпы облыстар бойынша	Облыс бойынша газ құбырларының ұзындығы, км	Облыстың халық саны	Газбен қамтамасыз етілген халық саны 01.01.2022 ж.	Облыста (қала) газдандырылған халық санының деңгейі, %	
				1.01.2021 ж.	1.01.2022 ж.
	70 261	19 125 620	11 030 564	54,29	57,67
1 Маңғыстау	4 692	741 023	729 235	98,75	98,41
2 Атырау	6 157	668 240	659 696	98,65	98,72
3 Алматы қ.	5 414	2 024 989	2 004 383	95,23	98,98
4 БҚО	8 397	665 988	658 885	99,39	98,93
5 Ақтөбе	7 380	906 816	840 711	90,12	92,71
6 Қызылорда	3 533	827 997	550 845	65,22	66,53
7 Түркістан	11 404	2 075 404	1 374 000	62,33	66,20
8 Шымкент қ.	7 001	1 112 739	1 029 603	91,09	92,53
9 Жамбыл	6 058	1 150 057	1 086 200	94,82	94,45
10 Қостанай	3 982	857 905	496 954	56,98	57,93
11 Алматы	4 957	2 107 900	1 342 343	54,72	63,68
12 ШҚО	283	1 356 439	17 530	1,29	1,29
13 СҚО	–	537 061	–	0	0
14 Қарағанды	143	1 372 115	48 681	0,51	3,55
15 Нұр-Сұлтан	650	1 239 886	191 498	2,11	15,44
16 Ақмола	210	733 970	–	0	0
17 Павлодар	–	747 091	–	0	0

2021 жылы жалпы соммасы 51,3 млрд. теңгеге 146 жоба жүзеге асырылды, оның ішінде 39 жоба аяқталды немесе қосымша 149 мың адам табиғи газға қол жеткізді (2020 жылы – 51 жоба).

«Жер қойнауын пайдаланумен байланысты операцияларын өткізгенде жергілікті қамту үлесі» НИ

2021 жылдың қорытындысы бойынша жер қойнауын пайдаланумен байланысты операцияларын өткізгенде жергілікті қамту үлесі:

- мұнай операциялары: жоспарда 19% болғанда, тауарлар бойынша 20,8%; жоспарда 51% болғанда, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша 66,7%;

- уран операциялары: жоспарда 30% болғанда, тауарлар бойынша 52,7%; жоспарда 87% болғанда, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша 89,7%.

2021 жылға тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер бөлінісінде көмірсутек шикізатын (КСШ) жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларындағы жергілікті қамту:

- тауарларды сатып алудың жалпы көлемі 510,39 млрд. теңгені құрады, тауарлардағы жергілікті қамту үлесі 106,2 млрд. теңге сомасына 20,8% - ды құрады.


- жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі 4,05 трлн. теңге, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі 2,7 трлн. теңге сомаға 66,7% - ды құрады.

2021 жылға тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер бөлінісінде уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларындағы жергілікті қамту:

- тауарларды сатып алудың жалпы көлемі 63,63 млрд. теңгені құрады, тауарлардағы жергілікті қамту үлесі 33,55 млрд. теңге сомасына 52,7% - ды құрады.

- жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі 66,31 млрд. теңгені құрады, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамтудың үлесі 59,50 млрд. теңге сомасына 89,7% - ды құрады.

Министр



Б. Ақшолақов